

Мектеп директорларына


Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімінің іс-шаралар жоспарына сәйкес музыка пәнінен мектеп оқушылар арасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып отырған **2026 жылдың 4 наурыз күні сағат 10.00-де** Т.Рысқұлов атындағы мектеп – лицейі базасында «Аналар – асыл жандар» атты аудандық ән байқауы өткізілетіндігі туралы хабарлайды.

Осыған орай, байқау ережесіне сәйкес аудандық іс-шараға қатысатын білім алушылары туралы мәліметті **2026 жылдың 2 наурыз күніне дейін** (3 наурыздағы өтінімдер қабылданбайды) аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға жіберілуін қамтамасыз етулеріңізді сұрайды.

Ескерту! Байқаудың ережесі қосымша жолданады. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Қосымша: 2 бет (байқау Ережелері).

Басшының міндеттерін
уақытша атқарушы



Б.Қ.Самылтыров

Орындаған: Н.Дархамбекова
Тел: 2-14-10

«Бекітемін»
Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысының
міндеттерін уақытша атқарушы
Б.К.Самылтыров
« 04 » 2026ж

Аудандық «Аналар – асыл жандар» атты ән байқауының
ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы Ереже

1.1. Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі музыка пәнінен оқушылар арасында 8 наурыз - Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында ұйымдастырылып отырған аудандық **«Аналар- асыл жандар»** атты ән байқауын өткізеді.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері

- 2.1. Балалар мен жасөспірімдерді аналар мен ару қыздар тақырыбы аясында кеңінен ізденулеріне жол ашу арқылы ізденімпаздыққа баулып, қыз баласы мен аналарымызды қадірлеп-құрметтеуге шақыру;
- 2.2. Қазақстан композиторларының аналар мен қыз-келіншектер тақырыбында жазылған әндерін қайта жандандыру;
- 2.3. Аналар мен аруларға арнап ән салғызу арқылы балалар мен жасөспірімдердің өнерге деген сүйіспеншілігін ояту және шеберліктерінің шыңдалуына ықпал ету.

3. Байқау шарттары

- 3.1. Байқауда **«Вокал»** жанры бойынша байқауға қатысушы аналар мен ару қыздар тақырыбында бір ән жанды дауыста орындайды. Әннің әуені өңдеу жасалып, (аранжировка) арнайы жанды дауыста сүйемелденуге лайықты сапада болуы қажет.
- 3.2. Аудандық байқауға қатысуға сұраныс **2026 жылдың 2 наурыз күніне дейін** аудандық білім бөлімінің әдіскері Н.Дархамбековаға өткізілуі тиіс.

4. Қатысушылардың жас ерекшелігі

7-9 жас аралығы – кіші топ 1 оқушы қатыса алады
10-13 жас аралығы – орта топ 1 оқушы қатыса алады

Байқауға аудандық білім беру мекемелеріне қарасты мектеп оқушылары қатысады, бір мектептен бір ғана оқушы қатысады.

5. Қатысушының бағалау критерийлері

- орындаушылық шеберлігіне;
- дауыс мәнері мен кеңдігіне;
- әннің өңделуі мен жазылу сапасына назар аударылады;
- сахна мәдениеті мен киім үлгісінің сәйкестігі.

6. Байқауды өткізу мерзімі және жеңімпаздарды анықтау

- 6.1. Байқауға 2026 жылдың 2 наурыз күніне дейін сұраныстар қабылданады;
- 6.2. Байқау 2026 жылдың 4 наурыз күні сағат.10.00-де Т.Рысқұлов атындағы мектеп-лицейі базасында өткізіледі;
- 6.3. Байқау қорытындысы бойынша Бас жүлде, I,II,III орын және Алғыс хатпен марапатталады;
- 6.4. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралып, талқыланбайды;
- 6.5. Мерзімінен кешіктірілген сұраныстар қабылданбайды.

Сұраныс үлгісі

№	Оқушының аты-жөні	Жасы, тобы	Мектеп атауы	Орындалатын әннің аты	Жетекшінің аты-жөні	Байланыс телефоны
1						